

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ артықшылықты акцияларын  
KASE-да сатып алу бағдарламасы**

**Артықшылықты акцияларды ұстаушыларға арналған жадынама**

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – Компания) 2010 жылдың 4-наурызы күні өзінің артықшылықты акцияларын KASE-да листингтен өткізгені және оларды сатып алу бағдарламасының басталғаны туралы хабарлады.**

**Сатып алу бағдарламасын жүзеге асыруға байланысты «тікелей желі» қызметі ұйымдастырылды, тел.: 8-8000-800-177 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін; қалалық нөмірден теру керек).**

Компанияның артықшылықты акцияларын сатып алу бағдарламасы KASE-нің талаптарына сәйкес, мамандандырылған сауда серияларын өткізу әдісімен жүргізілетін болады. Бағдарлама 2011 жылдың 31-желтоқсанына дейін аяқталады деп күтілуде.

**Қазақстан қор биржасында (KASE) «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ артықшылықты акцияларын сатып алу бағдарламасына қатысу құқығын пайдалану үшін қажетті қадамдар:**

1. Брокерден есеп шот ашу, соның көмегімен алдын-ала келісімшарт жасап, Өзіңіздің акцияларыңызды мамандандырылған сауда аясында сата аласыз.
2. Тіркеушідегі Сіздің есеп шотыңызда сақталып тұрған акцияларды Акционерлердің тізілімінде көрсетілген Сіздің мәліметтеріңіздің жаңартылғандығына және дұрыстығына көз жеткізіп барып, Брокерде жаңадан ашылған есеп шотқа аудару *(акцияларды аудару бір мезгілде қарсы бұйрықтар беру жолымен жүргізіледі):*
  - 2.1 Тіркеушіге акцияларды есептен шығаруға бұйрық беру;
  - 2.2 Брокерге акцияларды есепке алуға бұйрық беру.
3. Мамандандырылған сауда аясында сатқыңыз келген акциялардың саны мен бағасын көрсетіп, Брокерге акцияларды сатуға бұйрық беру. Өтінімдер кесу бағасы бойынша қанағаттандырылады. Яғни, егер Сіздің өтініміңіз қанағаттандырылған жағдайда, Сіздің көрсеткен бағаңыз төмен болса да, бір акцияға шаққанда алатын бағаңыз кесу бағасына тең болады.

**Жадынама**

<b>Қадамдар</b>		
<b>1.</b>	<b>Брокерлік компанияда есеп шот ашу</b>	
	а	Қазақстан Республикасында брокерлік-дилерлік қызметпен айналысуға лицензиясы бар және тиісті («қор рыногы» санаты) санат бойынша Қазақстан қор биржасының мүшесі болып табылатын брокерлік компаниялардың бірін таңдаңыз <a href="http://www.kase.kz/ru/membership">http://www.kase.kz/ru/membership</a>
	б	Брокер ұсынатын қызметпен, оның ішінде құнды қағаздармен операция жасау үшін берілетін сыйақы мөлшерімен мұқият танысыңыз. Брокермен сұхбаттасқанда өзіңіздің мақсатыңызды, мәселен, «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ артықшылықты акцияларын Қазақстан қор биржасында сатып алу бағдарламасының аясында сату ниетіңізді білдіріңіз.
	в	Брокермен брокерлік қызмет көрсету туралы келісімшарт жасаңыз. Келісімшарт шеңберінде брокердің қызметіне өзгелермен қатар, Орталық Құнды Қағаздар Депозитариясы

		(бұдан әрі- ОД) жүйесінде құнды қағаздарды есепке алу жөнінде клиентке есеп шот ашу кіреді. Брокер сондай-ақ мамандандырылған сауда аясында Қазақстан қор биржасында құнды қағаздарды сату туралы Сіздің бұйрығыңызды (өтінім) қабылдауға және орындауға қабілетті болуы тиіс.
	г	Брокер Сіздің атыңызға есеп шот ашылғанын растағаннан кейін, Брокерден есеп шот(тар)ыңыздың нөмірі көрсетілген есепшоттың ашылғаны туралы хабарлама алыңыз.
	д	Сондай-ақ құнды қағаздарды есепке алу бұйрығының (Брокер белгілеген нұсқа) бланкасын сұратқаныңыз жөн.
<b>2.</b>	<b>Артықшылықты акцияларды Тіркеушінің есеп шотынан Брокердегі өзіңіздің есеп шотыңызға аудару</b>	
		<p>Компанияның артықшылықты акцияларын сатып алу бағдарламасы Қазақстан қор биржасында (KASE) жүзеге асырылады. Өзінің акцияларын сатқысы келген кез-келген артықшылықты акцияларды ұстаушы сатуға өтінім қабылданған кезде немесе оған дейін «Орталық Құнды Қағаздар Депозитарийі» АҚ есеп-шотында құнды қағаздардың болуын қамтамасыз етуі тиіс.</p> <p><u>Акциялар өзінің құнды қағаздарын Тіркеушінің есепшотынан Брокердегі өзінің есепшотына аудару арқылы өзінің құнды қағаздарының ОД есепшотында болуын қамтамасыз етеді. Тіркеушінің қызметі мен брокерлік қызметке қатысы бар барлық шығындарды артықшылықты акцияларды ұстаушылардың өздері төлейді.</u></p> <p>Түсініспеушілікті болдырмас үшін егер акциялары Тіркеушідегі есепшотта сақталып тұрса, онда акционер «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ артықшылықты акцияларын сатып алу бағдарламасына қатыса алмайды.</p> <p>Тіркеуші мен Брокер акционердің агенті қызметін атқарады, акционердің атынан оның берген жазба нұсқаулары (бұйрық) бойынша қызмет етеді. Брокердегі Сіздің есепшотыңызға акцияларды аудару үшін екі бұйрық беруіңіз керек: біріншісі – Компания Тіркеушісіне акцияларды есептен шығару туралы (төмендегі 2.1. тармақты қараңыз), екіншісі – Сіздің Брокеріңізге акцияларды есепке алу туралы (төмендегі 2.2. тармақты қараңыз).</p> <p>Осы екі бұйрықтың ОД жүйесінде кездесуі және олардың бір-біріне сәйкес келу артықшылықты акцияларды ОД субшотына аудару жөніндегі операцияны сәтті өткізудің шарты болып табылады.</p> <p>Қолданыстағы заңнамаларда қарастырылғандай, мұндай бұйрықтар 3 (үш) жұмыс күні ішінде жарамды болғандықтан, дұрысы, осы екі бұйрықты бір мезгілде берген жөн. Алайда, Тіркеуші мен Брокердің аймақтық кеңселері шалғай жерде орналасқандықтан, осы операцияны жүзеге асыру барысында бірқатар кешіктіру мен техникалық сипаттағы сұрақтардың туындауы мүмкін. Осындай жағдайлардың туындау мүмкіндігін азайту мақсатында келесі нұсқауларды жүгінгеніңіз жөн.</p>
<b>2.1.</b>		<b>Артықшылықты акцияларды есептен шығару туралы</b>

		<b>Тіркеушіге бұйрық беру</b>
	<b>а</b>	<p>Тіркеушіге оның орталық және аймақтық кеңселерінің орналасқан мекен-жайы бойынша барыңыз. «Қор орталығы» АҚ «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Тіркеушісі болып табылады. Тіркеушінің орталық кеңсесі мына мекен-жайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, 050091, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 79А, 2-қабат, тел.: 8(727) 250-89-60, 250-89-61, факс 8(727) 250-16-96, e-mail: fcenter@fcenter-jsc.kz, веб-сайт: www.fcenter-jsc.kz</p> <p>«Қор орталығы» АҚ филиалдары:          Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Абай көшесі 1 («Өзенмұнайгаз» ескі ғимараты), 1-қабат, каб. 4, тел.: 8 (72934) 6-48-97;          Атырау қаласы, Қарымсақов көш, 2 А , тел. 8 (7122) 45 86 74          Орал қаласы, Нұрпейісов көш 12, тел.8(7112) 510-915</p>
	<b>в</b>	<p>Тіркеушінің өкілімен сөйлескенде, өзіңіздің артықшылықты акцияларыңызды Тіркеушінің есеп шотынан Брокерден (яғни, құнды қағаздарды номиналды ұстау үшін ОД-ға аудару) ашылған өзіңіздің есеп шотыңызға аудару ниетіңізді білдіргеніңіз жөн.</p>
	<b>г</b>	<p>Тіркеуші Тізілімде көрсетілген сіздің реквизиттеріңіздің дұрыстығын және толықтығын тексереді. Егер мәліметтер толық емес немесе жаңартылмаған жағдайда, Тіркеушінің нұсқауына жүгініңіз. Бәлкім, Сізге жеке басыңызды куәландыратын қолданыстағы құжаттарыңызды, мекен-жайыңызды, СТН және Тіркеуші сұрайтын басқа құжаттарды қамтитын реквизиттерді (мәліметтерді) жаңарту бұйрығын рәсімдеуге тура келеді. <i>№1 Қосымшадағы реквизиттерді өзгерту бұйрығының үлгісін қараңыз. Бұйрықтың үлгісі сізге қолайлы болу үшін беріліп отыр; оның өзгеріп отыруы мүмкін, сондықтан Тіркеушіден анықтаңыз. Тіркеуші бұйрығының жаңартылған үлгісін <a href="http://www.fcenter-jsc.kz/files.htm">http://www.fcenter-jsc.kz/files.htm</a> сілтемесі бойынша оның веб-сайтынан алуға болады. Үлгі №7-реквизиттерді өзгерту бұйрығының үлгісі.</i></p> <p>Есіңізде болсын, ҚР Акционерлік қоғамдар туралы заңына сәйкес, акционер он күн ішінде қоғамның тіркеушісіне және аталған акционердің иелігіндегі акцияларды номиналды ұстаушыға қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесіне енгізуге қажетті мәліметтердің өзгергені жайында хабарлауы тиіс.</p>
	<b>д</b>	<p>Өзіңіздің реквизиттеріңізді жаңарту туралы өтінішпен бірге (егер ол қажет болса), Сізге артықшылықты акцияларыңызды Брокерде ашылған есеп шотқа жазу үшін Тіркеуші белгілеген форма бойынша бұйрық толтыруыңыз тиіс. Тіркеушінің өкілі бұйрықтың формасын дұрыс толтыруға кеңес береді, дегенмен әдеттегідей бұйрық төмендегідей ақпараттарды қамту керек:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Сіздің аты-жөніңіз</li> <li>2) Акцияларыңызды есептен шығарған есеп шоттың нөмірі</li> <li>3) Акцияларыңызды жазған есеп шоттың нөмірі (мәселен, акцияларды Брокердегі есепшотқа аудару кезінде ОД шотын көрсетуіңіз керек - J-00006913, Код ОКПО - 38489133, Тіркеу нөмірі - 12301-1910-АО, БИН – 970740000514, Тіркеу датасы - 02/02/2005ж.)</li> <li>4) Құнды қағаздардың түрі мен олардың ұлттық</li> </ol>

		<p>сәйкестендіру нөмірі (мәселен, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ артықшылықты акциялары, ҰСН KZ1P51460114)</p> <p>5) Есептен шығарылатын акциялардың саны</p> <p>6) Тіркеуші сұрайтын өзге де параметрлер</p> <p>Акцияларды есептен шығару бұйрығында құнды қағаздар қозғалысы жүретін есеп-шоттардың нөмірлерін көрсететін тармақ бар. Осы бағандарға қандай есеп-шоттарды жазу керектігін Тіркеушіден сұраңыз. Сізге қолайлы болуы үшін біз қоса беріліп отырған акцияларды есептен шығару бұйрығы үлгісінің бірқатар жолдарын толтырдық. Алайда, Сіздің бұл деректерді Тіркеушіден қайта тексергеніңіз жөн. №2 Қосымшадағы құнды қағаздарды есептен шығару туралы Тіркеуші бұйрығының үлгісін қараңыз. Бұйрықтың үлгісі сізге қолайлы болу үшін беріліп отыр; оның өзгеріп отыруы мүмкін, сондықтан Тіркеушіден анықтаңыз. Тіркеуші бұйрығының жаңартылған үлгісін <a href="http://www.fcenter-jsc.kz/files.htm">http://www.fcenter-jsc.kz/files.htm</a> сілтемесі бойынша оның веб-сайтынан алуға болады. Үлгі №13 - құнды қағаздарды есептен шығару туралы бұйрықтың үлгісі.</p> <p>Тіркеушінің өкілі бұйрықты қабылдағаны жөнінде белгілеп, қол қойып, мөр басу керек. Тіркеушінің өкілінен оның белгісі қойылған, қабылданған есептен шығару бұйрығының көшірмесін талап етіңіз.</p>
	е	<p>Есіңізде болсын, Тіркеушіге кез-келген бұйрықты берген кезде жеке басыңызды куәландыратын құжат пен СТН көшірмесін қоса беру керек. Қажетті құжаттардың толық тізімін Тіркеушіден біліңіз.</p> <p>ҚР заңнамаларының талаптарына сәйкес, барлық бұйрықтарға Тіркеуші қызметкерінің қатысуымен акционердің өзі қол қояды немесе нотариус берген сенімхаттың негізінде қызмет ететін сенімді өкіл қол қояды.</p> <p>Егер Сіз Тіркеушінің кеңсесі жоқ аймақта тұрсаңыз не болмаса Тіркеушінің кеңсесіне баруға мүмкіндігіңіз болмаса, Тіркеушінің Алматы, Жанаөзен, Атырау немесе Орал қалаларындағы кеңселерінің біріне барып, сіздің қатысуыңызсыз барлық бұйрықтарды рәсімдей алатын Сіздің сенімді өкіліңіздің атына өзіңіздің акцияларды сатуға қажетті операцияларды жүзеге асыруға сенімхат рәсімдеуіңізге болады.</p>
	з	<p>Тіркеуші кейбір операцияларға, оның ішінде мәліметтерді (реквизиттерді) өзгерту жөніндегі және акцияларды есептен шығару (немесе оны «номиналды ұстауға енгізу» деп те атайды) операциялары үшін комиссиялық сыйақы алады. Тіркеушінің кеңсесінен комиссиялардың нақты көлемі мен төлем жасау тәртібін нақтылаңыз.</p> <p>Меншік иесінің өзгеруінсіз, құнды қағаздарды номиналды ұстауға аударуға қозғалатын құнды қағаздардың сомасының 0,1 %-ын құрайды, бірақ 20 517 теңгеден аспайды немесе 76 теңге плюс 250 теңге ОД тарифінен төмен болмайды.</p> <p>Реквизиттерді өзгерту бір түзету үшін 30 теңге плюс 250 теңге ОД тарифі.</p> <p>Комиссиялар Тіркеуші кассасы арқылы қолма-қол түрде немесе АО «Фондовый центр», РНН 600700035664, БИН 930940000580, ИИК 046467000, БИК 190551601, АОФ 139900 АО «Народный Банк Казахстана» г.Алматы, КНП 840, Кбе 15</p>

		реквизиттері бойынша банктік аудару арқылы төленеді.
<b>2.2.</b>	<b>Артықшылықты акцияларды есепке алу туралы Брокерге қарсы бұйрық беру</b>	
	<b>а</b>	Бұған дейін Брокерден алынған құнды қағаздарды есепке алу туралы бұйрықтың үлгісін Тіркеушіге есептен шығару туралы толтырылған бұйрықты толтыру кезінде қолданылған мәліметтерге сәйкес толтырыңыз (ол үшін Тіркеушіден алған бұйрықтың көшірмесін пайдаланыңыз). Аты-жөніңіз, құнды қағаздардың түрі мен олардың сәйкестендіру нөмірі және саны сияқты мәліметтер екі бұйрықта да сәйкес болуы керек. Есіңізде болсын, Брокер мен Тіркеуші өздерінің бұйрықтарының бланкасын пайдаланады, сондықтан олар үлгісі жағынан бір-бірімен айтарлықтай ерекшеленеді. Алайда, ОД жүйесінде екі бұйрық бірі-біріне сәйкес келіп, аударылым жүзеге асу үшін бұйрықта көрсетілген негізгі параметрлер бірі-біріне қайшы келмеуі керек, әйтпесе акцияларды аудару жүзеге аспайды.
	<b>б</b>	Тіркеуші мен Брокердің жұмыс регламентіне сәйкес, есептен шығару және есепке алу бұйрықтары «Орталық құнды қағаздар депозитарий» АҚ жүйесінде кездеседі және акцияларды Сіздің Брокердегі есеп шотыңызға аудару автоматты түрде жүзеге асырылады. Қолданыстағы заңнамаларда қарастырылғандай, мұндай бұйрықтар 3 (үш) жұмыс күні ішінде жарамды болғандықтан, дұрысы, осы екі бұйрықты бір мезгілде берген жөн. Сіздің бұйрығыңыздың орындалу мәртебесі туралы Өз Брокеріңізден тұрақты түрде сұратыңыз.
<b>3.</b>	<b>Мамандандырылған сауда шеңберінде сатуға бұйрық беру</b>	
	<b>а</b>	Брокеріңіз артықшылықты акциялардың Брокердегі есепшотыңызға есепке алынғанын растағаннан кейінгі Сіздің келесі қадамыңыз – «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Қазақстан қор биржасындағы (KASE) артықшылықты акциялары бойынша мамандандырылған саудаға қатысуға Брокерге белгіленген үлгіде бұйрық (өтінім) беру. Бұйрықта өзгелермен қатар, сатылатын акциялардың саны мен сатқыңыз келген бағаны көрсетіңіз. Аталған бұйрықтың (өтінімнің) негізінде Брокер Қазақстан қор биржасында өткізілетін мамандандырылған сауданың аясында акцияларды сатуға өтінім береді.
	<b>б</b>	Бір мамандандырылған сауда сессиясының ұзақтығы 30 (күнтізбелік) күнді құрайды. Сіздің Брокеріңіз осы мерзім ішінде кез-келген уақытта KASE сауда жүйесінде сатуға өтінім беруге құқылы. Әрбір мамандандырылған сауда жайлы толық ақпарат алу үшін Өзіңіздің Брокеріңізге, KASE-нің веб-сайтына <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a> , сондай-ақ <a href="http://www.kmgep.kz/?l=rus">www.kmgep.kz/?l=rus</a> сілтемесі арқылы Компанияның ресми хабарламаларын оқыңыз.
	<b>в</b>	«Өтінімдердің кітабы» жабылатын күні Компания кесу бағасын белгілейді. Өтінімдер кесу бағасымен қанағаттандырылады. Өз бұйрықтарында сату бағасын кесу бағасына тең немесе төмен етіп көрсеткен акционерлердің өтінімдері ғана қанағаттандыруға жатады.

		<p>Яғни, сіздің өтініміңіз қағаттандырылған жағдайда, бір акцияға есептегенде алатын бағаңыз өзіңіздің өтініміңізде көрсеткен бағаңыз төмен болса да, кесу бағасына тең болады (қандай да бір шығындарды, мәселен, брокердің комиссиясын алып тастағанға дейін).</p> <p>Өтінімдер кесу бағасы бойынша Сіздің есеп шотыңыздан акцияларды есептен шығару және өтінімдер қанағаттандырылғаннан кейін үш (3) жұмыс күні ішінде тиісті ақша қаражаттарды Сіздің Брокердегі есеп шотыңызға аудару жолымен қанағаттандырылады.</p>
	г	Артықшылықты акцияларды сатудан түскен соманы өзіңіздің Брокеріңізден талап етіңіз.

Қолданылған терминдер

Осы құжатта келесі терминдер мен қысқартылған сөздер бірдей мағыналы болады

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ	Компания, ҚМГ БӨ
Артықшылықты акцияларды ұстаушы	Акционер
Артықшылықты акциялар	Акциялар, құнды қағаздар
Сату өтінімдері	Сатуға бұйрық, сатуға өтініш беру

## ПАЙДАЛЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ СІЛТЕМЕЛЕР

		Бағдарлама және құнды қағаздар рыногы туралы толық ақпарат алу үшін келесі дереккөздеріне жүгінуді ұсынамыз:
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. ҚМГ БӨ артықшылықты акцияларын сатып алу бағдарламасының сұрақтары бойынша АӨҚО «тікелей желісі» – 8.8000.800.177 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)</li> <li>2. «Құнды қағаздар рыногы туралы» ҚР Заңы</li> <li>3. «Акционерлік қоғамдар туралы» АҚ Заңы</li> <li>4. Қазақстан қор биржасының (KASE) биржадағы сауданы реттейтін ішкі нормативтік құжаттары <a href="http://www.kase.kz/ru/page/normative_base">http://www.kase.kz/ru/page/normative_base</a></li> <li>5. Қазақстан Республикасы тұрғындарының инвестициялық мәдениет мен қаржылық сауаттылығын арттыру бағдарламасының веб-сайты <a href="http://www.fingramota.kz">http://www.fingramota.kz</a></li> <li>6. Алматы өңірлік қаржы орталығы - <a href="http://www.rfca.gov.kz">www.rfca.gov.kz</a></li> </ol>



